

## Қарқаралы ауданында 2017 жылға арналған салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлерін белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы X сессиясының № VI-10/79 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 қаңтарда № 4112 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарқаралы ауданында 2017 жылға арналған салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлері, осы шешімге қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*М. Мубараков*

*С. Нүркенов*

Аудандық мәслихаттың  
2016 жылдың 22 желтоқсанындағы  
№ VI-10/79 шешіміне қосымша

## Қарқаралы ауданында 2017 жылға арналған салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлері

Салық салу объектісінің атауы	Айына тіркелген салық ставкаларының мөлшерлері (айлық есептік көрсеткіштер)
1 Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын . автоматы	5
2 Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын . өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	7
3 Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер .	4
4 Ойын жолы .	7
5 Карт .	5
6 Бильярд үстелі .	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК